

Жорабаева Ж.К., Сабитова Н.С.

ҚР инновациялық жобаларды венчурлық қаржыландыру дамуының мәселелері

Венчурлық қаржыландыру қазіргі уақытта дүниежүзілік экономиканың өсуіне себепші негізгі факторлардың бірі болып отыр. Бұл қаржыландыру – жаһандық экономиканың және Қазақстан дамуының тиімді жолдарының бірі. Қазақстан Республикасының инновациялық экономикаға өтуі еліміздегі кәсіпкерліктің төмен тиімділігінің мәселесін шешуге көмектеседі, жаңа жұмыс орындарын ашуға, әлемдік экономикалық кеңістікте сенімді серіктестікке, инвестицияларға жол ашады. Бұл – жаңа ашылулардың негізгі көзі. Оларды құру үшін төрт нәрсе қажет: коммерциялық ой, осы жаңалықтарға қоғамдық сұраныс, күтілетін жаңалық негізінде венчурлық фирма құруға дайын кәсіпкер, венчурлық фирманы қаржыландыруға арналған «тәуекел капиталы». Бүгінгі күні венчурлық кәсіпкерлік елімізде дамуының алғашқы сатысында. Мақалада Қазақстан Республикасындағы инновациялық жобаларды венчурлық қаржыландырудың ағымдағы жағдайы, оның даму мәселелері және шешу жолдары анықталған.

Түйін сөздер: венчурлық қаржыландыру, венчурлық бизнес, инновациялық жоба, венчурлық индустрия.

Zhorabaeva Zh.K., Sabitova N.S.

Development problems of venture financing of innovative projects in RK

In present time the venture financing is one of basic factors in development of world economy. This type of financing is effective for development of global economy and development of Kazakhstan. Passing of RK to the innovative economy will decide the problem of low enterprise efficiency, will open new workplaces, will open a road on a reliable collaboration and investments in world economic space. It is a basic source of the new openings. For forming needed: commercial idea, public demand, a businessman is ready to create a venture firm and «risk capital» for financing of venture firm. Today our country stands in the initial stage of development of the venture financing. The article is about current status of the venture financing of innovative projects, problems of development and way of their decision.

Key words: venture financing, venture business, innovation project, venture industry.

Жорабаева Ж.К., Сабитова Н.С.

Проблемы развития венчурного финансирования инновационных проектов в РК


В нынешнее время венчурное финансирование является одним из основных факторов развития всемирной экономики. Этот вид финансирования является эффективным путем развития глобальной экономики и развития Казахстана. Переход РК на инновационную экономику решит проблему низкой эффективности предпринимательства, откроет новые рабочие места, откроет дорогу на надежное сотрудничество и инвестиции во всемирном экономическом пространстве. Это основной источник новых открытий. Для формирования нужны: коммерческая мысль, общественный спрос, предприниматель готовый создать венчурную фирму и «рисковый капитал» для финансирования венчурной фирмы. На сегодняшний день наша страна стоит в начальном этапе развития венчурного финансирования. В статье речь идет о текущем состоянии венчурного финансирования инновационных проектов, проблемы развития и пути их решения.

Ключевые слова: венчурное финансирование, венчурный бизнес, инновационный проект, венчурная индустрия.

**ҚР ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ЖОБАЛАРДЫ
ВЕНЧУРЛЫҚ
ҚАРЖЫЛАНДЫРУ
ДАМУЫНЫҢ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Венчурлық қаржыландыру қазіргі уақытта дүниежүзілік экономиканың өсуіне себепші негізгі факторлардың бірі болып отыр. Информациялық технологиялардың дамуы миллиардтаған индустрияны тудырып, бизнесті жүргізудің жаңа қағидаларын өзгертті. Венчурлық кәсіпкерлік жаһандық экономиканың және Қазақстан дамуының тиімді жолдарының бірі. Ғылыми-инновациялық мемлекеттердің даму динамикасы венчурлық кәсіпкерлік оңтайлы дамуына инновацияның механизм жұмысының жоғары дәрежеде болуы тәуелді. Бүгінгі күні венчурлық кәсіпкерлік елімізде дамудың алғашқы сатысында тұр. Бұл Қазақстан үшін жаңа ұғым.

Қазақстан Республикасының инновациялық экономикаға өтуі еліміздегі кәсіпкерліктің төмен тиімділігінің мәселесін шешуге көмектеседі, жаңа жұмыс орындарын ашуға, әлемдік экономикалық кеңістікте сенімді серіктестікке, инвестицияларға жол ашады. 1-диаграммада ҚР инновациялық сала белсенділігінің динамикасы көрсетілген.




1-диаграмма – ҚР инновациялық сала белсенділігінің динамикасы

Алынған көзі. ҚР статистика бойынша агенттігінің ресми сайты www.stat.gov.kz

2013 жылы бұл 8%-ды құраса, 2014 жылы 0,1%-ға өскен, ал 2015 жылы 0,4%-ға жоғарылаған. Бұл жыл сайын еліміздегі инновациялық жобаларды қаржыландырушылардың санының өсуін көрсетіп отыр. Жоғарыда көрсетілген көрсеткіштерге қарап, еліміздегі инновациялық жобаларды қаржыландыру бірқалыпты деңгейде өсуін байқаймыз. Бұл елбасымыздың жүргізіп отырған саясаты мен халыққа жолдауларында көп қарастырылатын инновациялық жобаларды

қаржыландыру мәселесінің қолға алынуының көрінісі.

2015 жылдың мәліметіне сәйкес, инновациялық қызметті жүзеге асырушы 24068 кәсіпорын тіркелген. Бұл кәсіпорындардың инновациялық жобаларға жұмсалатын шығындары әртүрлі көздерден қаржыландырылады. 2-диаграммада инновациялық жобаларға жұмсалған ақша қаражаттары және бұл жобаларды қаржыландыру көздері көрсетілген.



2-диаграмма – Қаржыландыру көздері бойынша инновациялық жобаларға жұмсалған шығындар
Алынған көзі. ҚР статистика бойынша агенттігінің ресми сайты www.stat.gov.kz

Диаграммада көрсетілген мәліметтерге сәйкес, инновациялық жобаларды қаржыландыру көздерінің үлкен бөлігін меншік қаражаттары алып отыр, бұл жалпы қаржыландырудың 58,92%-ын құрап отыр, ал ең төменгі көрсеткіш бұл жергілікті бюджеттен қаржыландыру – 0,48%-ды құрайды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2015 жылғы халыққа «Қазақстан жаңа жаһандық ахуалда: өсу, реформалар, даму» Жолдауында: «Қазақстан экономикасының инновациялық әлеуетін арттырған жөн. Болашақтың экономикасын құру үшін негіз қалау маңызды. Смарт-технологиялар, жасанды интеллект, киберфизикалық жүйелер интеграциялары, болашақтың энергетикасы,

жобалау және инжиниринг салаларында біліктілікті дамыту қажет. Мұны тек тиімді ғылыми-инновациялық жүйе құру арқылы ғана жасауға болады» – деді. Осыған орай таяудағы онжылдықта Қазақстанның алдында тұрған міндеттер:

- экономиканың жыл сайынғы өсімін 5 пайыз деңгейінде қамтамасыз ету;
- өңделген тауарлардың экспортын 2015 жылмен салыстырғанда кем дегенде екі есе ұлғайтып, оны жылына 30 миллиард долларға дейін жеткізу;
- экономикаға жыл сайынғы инвестициялардың көлемін 10 миллиард доллардан астамға ұлғайтып, тұтастай алғанда 10 жыл ішінде – кем дегенде 100 миллиард долларға жеткізу;

– 660 мыңнан астам жаңа жұмыс орындарын құру, еңбек өнімділігін 2 еседен астамға арттыру [2].

Бұл Елбасының жаңа инвестициялық саясатты жүзеге асыру үшін айқындаған іс-шаралар болып отыр. Қазақстан бұл стратегияны жүзеге асыруда венчурлық индустрияның дамымауының негізгі себептерін анықтаған жөн. Мәселен,

– елдің экономикасын көтеруде бұл механизм жоғары әлеуетке ие болмауы;

– Инновациялық инфрақұрылым элементтерінің жұмысындағы тәжірибенің аздығы; Кез-келген тәжірибе тек іс барысында шыңдалады, ал инновациялық орта мен инновациялық нарықтың қалыптаспауы инфрақұрылым элементтерінің жетілуіне қол байлау болып отыр;

– Инфрақұрылымның жақсы дамымағандығынан тікелей инвестициялауды қызықтыратын Қазақстанда ғылыми-техникалық саласында жаңа мен шағын және орта тез өсетін инновациялық технологиялық кәсіпкерліктің енгізілуі жүзеге аспауда.

– Шағын және орта бизнес салаларында кәсіпкерлік қызмет беделінің төмендеуі. Жеке сипаттағы инновациялық белсенділіктің тым төмендігі және өндірістік сипаты жоқ салалардағы (сауда-саттық, қызмет көрсету, қаржылық сектор, т.б.) табыстылықтың жоғары болуы. Бұл құбылысты экономистер «экономиканың біржақты дамуы» деп атап жүр. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, көптеген инновациялардың пайда болуы мемлекеттік емес ұйымдар мен орталықтардың, өндірістердің ықпалынан және белсенділігінен туындайды.

– Халықаралық бәсекенің жоғары болуынан, отандық өнімнің, қызметтің шығуының шектелуі [3].

Бүгінгі таңда Қазақстанда 50-ден астам бизнес-инкубатор қызмет етуде. Алайда, олардың көбі инновациялық сипаты жоқ, тек кәсіпкерлік ортаға икемді шағын кәсіпорындарды дайындаумен және оларға қызмет көрсетумен айналысуда, яғни еліміздегі технологиялық бизнес-инкубаторлар өзінің мақсатты жұмыстарымен шұғылдана алмай отыр. ҚР «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заңына сәйкес, олар – инновацияны құру, қорғау құжаттарын алуға өтінімдерді рәсімдеу және инновациялық жобаны дайындау үшін жеке және заңды тұлғаларға құқықтық, ұйымдық, ақпараттық және өзге де қызметтер ұсыну жөніндегі іс-шараны жүзеге асырушы заңды тұлға болып табылады. Соңғы кезде-

рі Қазақстан Республикасының инновациялық даму моделінің өміршеңдігіне қатысты әртүрлі пікірлер айтылып жүр. Солардың ішінде ұлттық инновациялық даму моделінің басқа елдердің модельдерінен көшірілгені, сондықтан да оның еліміздің экономикалық, әлеуметтік, шаруашылық ерекшеліктеріне дөп келмейтіні жиі алға тартылады. Біз көбіне Сингапур, Малайзия, Оңтүстік Корея, Финляндия, Жапония сынды мемлекеттердің инновациялық даму үлгілерін алып, сол мемлекеттерге тән ерекшеліктерді еліміздің дамуына пайдалануға ұмтылудамыз. Ал мұндай тәжірибенің жемісті және нәтижелі болуы екіталай [4].

Венчурлық қаржыландырудың республикамыздың болашағы үшін аса қажет екені белгілі. Бұл бизнеске артық ақшаны ешбір қиындықсыз, тәуекелі жоғары жобаларға сала алатын батылдық қажет. Екіншіден, инновациялық идеяларды насихаттау құралдары тиімсіз. Венчурлық қорлар мен ғалымдар арасын байланыстыратын мықты мамандар жетіспеуде. Еліміздегі венчурлық индустрияны қалыптастыру үшін келесідей ұсыныстар жасаймыз:

– Венчурлық индустрияның маңыздылығы жөнінде қоғамда қоғамдық-әлеуметтік түсінікті қалыптастыру қажет.

– Венчурлық жобалау менеджерлерінің және венчурлық қор менеджерлер кадрын дайындау мәселелерін шешуіміз қажет. Оқу стандарттарын, бірінғай ғылыми-әдістемелік басшылықты өңдеу мәселесін, квалификация талаптарын анықтауымыз керек.

– Венчурлық инвестиция қатысушыларының құқықтық қатынастарын реттейтін нормативтік базаны құруымыз қажет. Себебі, әлемде венчурлық бизнестің дамуы инвестициялық тәуекелдерді осы үдеріске көптеген қатысушыларының арасында бөлінеді: зейнетақы және сақтандыру қорлары, корпорациялар, мемлекеттік құрылымдар, жеке инвесторлар. Сондықтан, қатысушылар арасында тәуекелдің бөлінуі, инвестициялауға қолайлы жағдай туғызады.

– Батыста венчурлық қорлардың табысты дамуы қор нарығы мен тікелей инвестиция қорларының дамуына байланысты, себебі тікелей инвестиция қоры капиталдың үлкен бөлігімен қамтылған.

– Әлеуетті мүмкіндігі бар салаларды дамыту (ауыл шаруашылық, мұнай-химиялық).

– Мамандарды және жұмысшы кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың қазіргі заманғы жүйесін енгізу. Университеттердің жанында бірқатар құрылымдарды жасау. Олар технопарк-

тер, инновациялық-технологиялық орталықтар, бизнес инкубаторлар, шағын инновациялық кәсіпорындар, маркетингтік зерттеу қызметтері жатады. Мысалы, АҚШ-тағы Калифорнияда университеттерде орналасқан технопарктер арқасында, жылда АҚШ-тың 50%-ға жуық венчурлық инвестициясы осы штатқа тиесілі.

– Қаржыны өндірістің модернизациялауына мүмкіндік беретін бағытына салу, шетел нарығында бәсекеге төтеп бере алатын жаңа технологияны ендіру арқылы өнім алу.

Біздің Республикамыздың бәсекелік қабілеті, экономикалық қауіпсіздігі инновациялық қызметтің дамуына, инновациялық қызметке көзқарастың өзгеруіне тәуелді болып отыр. Бізге басқа елдердің тәжірибесіне сүйене отырып және өзіміздің механизмдеріміз бен қағидаларымызды қайта өңдеу арқылы осы саланы дамыту қажет.

Елбасы өзінің халыққа Жолдауында индустриалды-инновациялық стратегияның аясында инновациялық технологияларды өндіріс пен өнеркәсіпке белсенді түрде енгізу керектігін атап көрсеткенін ескерсек, венчурлық инвестициялық саясаттың қандай маңызды тетік екендігін шамалай беруге болады. Қазіргі венчурлық кәсіпкерлік икемді әрі мобильді құрылымды көрсетіп, жоғары белсенділік пен мақсаттылықты бейнелейді. Яғни, ол фирма қызметкерлерінің және серіктестіктердің венчурлық бизнес бойынша тікелей жеке қызығушылықтарын

түсіндіріп, қарастырылып жатқан ойдың, технологияның, объектің, жаңалықтың аз шығынды жұмсай отырып, коммерциялық тұрғыдан табысқа жетуді жеделдетуді көздейді. Ол жаңалықтар коммерциялық деңгейге жеткенге дейін, ірі, орта, кіші өнеркәсіптік фирмалармен бәсекелесе алмайды.

Қорытындылай келе, венчурлық кәсіпкерлік – жаңа ашулардың негізгі көзі. Оларды құру үшін төрт нәрсе қажет: коммерциялық ой (болашақтағы ашулардың негізі), осы жаңалықтарға қоғамдық сұраныс (өнім, технология, объект, қызмет көрсету), күтілетін жаңалық негізінде венчурлық фирма құруға дайын кәсіпкер, венчурлық фирманы қаржыландыруға арналған «тәуекел капиталы».

Венчурлық кәсіпорындар тез арада мемлекеттің бүкіл өндірісінің заманауи ғылыми-техникалық қайта жарақтандыруға және қайта құрылымдауға мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар, шағын жоғары технологиялы венчурлық кәсіпорындар, ертенгі күннің ірі компаниялары мен корпорациялары екенін естен шығармаған жөн. Әлемдік экономикаға ену үшін, бізге бәсекеге қабілетті өнімді өндіру қажет, ал венчурлық қаржыландыру осыған мүмкіндік туғызады. Қазақстанда венчурлық бизнесті дамытсақ, ол еліміздің экономикасына үлкен пайда алып келеді. Бүкіл әлемдік деңгейде Қазақстанды индустриалды мемлекеттер қатарына қосып, бірігей ұлттық экономиканың негізін қалайды.

Әдебиеттер

- 1 ҚР статистика бойынша агенттігінің ресми сайты www.stat.gov.kz интернет ресурсы.
- 2 ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2015 жылғы Қазақстан халқына «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» Жолдауы <http://almaty.gov.kz/> интернет ресурсы.
- 3 «Инновации в Казахстане нужно внедрить через венчурное финансирование и ГЧП» <http://www.zakon.kz/> интернет ресурсы.
- 4 А.Н. Тұрғынбаева «Ұлттық компаниялардағы инновациялық қызметті басқару» оқу құралы. – Алматы, 2013.
- 5 К.В. Балдина «Инвестиции системный анализ и управление», второе издание. – М., 2007.
- 6 «Особенности венчурного финансирования в РК» group-global.org интернет ресурсы.

References

- 1 KR statistika boiynsha agenttiginin resmi saity www.stat.gov.kz internet resursy
- 2 KR Prezidentinin N.A.Nazarbaevtyyn 2015 zhylgy Kazakhstan halkyna «Kazakhstan zhana zhahandyk nakty ahualdy osu, reformalar, damu» Zholdauy <http://almaty.gov.kz/> internet resursy
- 3 «Innovatsi v Kazakhstane nuzhno vnedrit' cherez venchurnoe finansirovanie I CHP» <http://www.zakon.kz/> internet resursy
- 4 A.N. Turgynbaeva «Ultyk kompaniyalardagy innovatsiyalyk kyzmetti baskaru» oku kuraly. – Almaty, 2013.
- 5 K.V. Baldina «Investitsi sistemoi analiz I upravlenie», vtoroe izdanie. – M., 2007.
- 6 «Osobennosti venchurnogo finansirovaniya v RK» group-global.org internet resursy